Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) әзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Өнімдерді жарамдылық мерзімі өткенге дейін пайдалану ұсынылады.

Температура мәліметі 5 секунд мұздатқыш камерада болған ең жоғары температураны көрсетеді. Сонан соң қайта тандалған температура көрсетіледі.

Дабыл дыбысын өшіру

Сақтандыру дыбысты өшіру үшін °C түймешігін басыңыз.

Home Connect

Бұл құрылғы Wi-Fi-мен жұмыс істей алады және мобильді терминал арқылы оны басқару мүмкін.

Ескерту:

Wi-Fi бұл Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Құрылғы құрылғы желіге қосылмайтын суытқыш ретінде төмендегі жағдайларда жұмыс істеп оны басқару элементтері арқылы қолмен басқару мүмкін:

- Құрылғы үй желісіне қосылмаған.
- Құрылғы орнатылатын елде Home Connect қызметі ұсынылмайды. Home Connect қызметі ұсынылатын елдер тізімін www.home-connect.com мекенжайында табасыз.

Нұсқаулар

- Осы пайдалану нұсқаулығының қауіпсіздік нұсқауларын ескеріп сосын құрылғыны үйде болмай Home Connect бағдарламасы арқылы басқаруда олардың орындалуын қамтамасыз етіңіз.

Home Connect бағдарламасындағы нұсқауларды ескеріңіз.

- Құрылғыдағы басқару панелі әрдайым басымдылығы жоғары болады. Осы уақытта Home Connect бағдарламасы арқылы басқару мүмкін емес.

Home Connect реттеу

Нұсқаулар

- Нұсқаулармен бірге жүктеу үшін дайын, <http://www.siemens-home.bsh-group.com> Home Connect парағын ескеріңіз. Ол үшін іздеу өрісіне құрылғыңыздың E нөмірін енгізіңіз.
- Параметрлерді Home Connect менен реттеу үшін Home Connect бағдарламасын мобильды терминалда орнату керек. Ол үшін жинақтағы Home Connect құжаттарын ескеріңіз. Бағдарлама арқылы берілген қадамдарды орындап параметрлерді реттеңіз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланбайтын болса, Home Connect мәзірі автоматты жабылады. Home Connect мәзірін ашу нұсқауларын тиісті тарау басында табасыз.

Үй желісіне автоматты қосылым (WLAN)

Егер WLAN роутер WPS функциясымен қолжетімді болса, суытқыш құрылғыуs автоматты ретте үй желісіне қосу мүмкін.

1. **super** пернесі мен **lock** пернесін бірдей басып Home Connect мәзірін ашыңыз.

Көрсеткіш **Sp** көрсетеді.

Ескерту:

Екі пернені дәл бірдей басыңыз. Пернелермен басқару ұзақ уақыт тек **lock** пернесі басылғанда ғана жұмыс істеуді қояды. **lock** пернесін бұғаттау жойылғанша, қайта басыңыз.

2. °C пернесін көрсеткілер **AC** мен **oF** көрсеткенше баса беріңіз.

3. + пернесін басыңыз.

Құрылғы автоматты байланыс үшін дайын.

Көрсеткі 2 минут бойы анимацияны көрсетеді.

Осы уақытта төмендегі қадамдарды орындаңыз.

4. WPS функциясы үй желісінің роутерін белсендіріңіз (мысалы, WPS/WLAN пернесі арқылы, ол туралы мәліметті роутердің құжаттарында табасыз).

- Сәтті байланыс болғанда **on** суыту бөлімшесінің көрсеткісінде жыпылықтайды.

Суытқыш құрылғыны бағдарламамен байланыстырыңыз.

- Егер көрсеткіде **oF** көрсетілсе, байланысты жасап болмайды.

Суытқыш құрылғы үй желісінің аумағында болын тексеріңіз (WLAN).

Әдісті қайталау немесе қолмен байланысты орындау.

Үй желісіне қолмен қосылым (WLAN)

Егер қолжетімді WLAN роутерінде WPS функциясы болмаса немесе бұл белгісіз болса, онда суытқыш құрылғыны қолмен үй желісіне байланыстыру мүмкін.

1. **super** пернесі мен **lock** пернесін бірдей басып **Home Connect** мәзірін ашыңыз.

Көрсеткіш **Cn** көрсетеді.

Ескерту:

Екі пернені дәл бірдей басыңыз. Пернелермен басқару ұзақ уақыт тек **lock** пернесі басылғанда ғана жұмыс істеуді қояды. **lock** пернесін бұғаттау жойылғанша, қайта басыңыз.

2. °C пернесін көрсеткілер **SA** мен **oF** көрсеткенше баса беріңіз.

3. + пернесін басыңыз.

Құрылғы автоматты қолдық байланыс үшін дайын.

Көрсеткі 5 минут бойы анимацияны көрсетеді.

Осы уақытта төмендегі қадамдарды орындаңыз.

4. Суытқыш құрылғыда тек өз WLAN желісі **HomeConnect** атауымен жасалған.

Осы желіге мобильді құрылғымен кіру мүмкін.

5. Мобильді құрылғының реттеу мәзірінде WLAN параметрлерін ашыңыз да WLAN параметрлерін шақырыңыз.

6. Мобильді құрылғыны WLAN желісімен **HomeConnect** байланыстырыңыз.

Кілтсөз: **HomeConnect**

Байланыс құрылымы 60 секундке дейін болуы мүмкін.

7. Сәтті байланыстан соң **Home Connect** бағдарламасын мобильді құрылғымен ашыңыз.

Бағдарлама суытқыш бөлімшесінде іздейді.

8. Суытқыш құрылғы табылғанда, өз (WLAN) үй желіңіздің («SSID») желі атауы мен («Кілт») кілтсөзін тиісті өрістерге енгізіңіз.

9. Үй құрылғыларына тасымалдау түймешесімен растаңыз.

- Сәтті байланыс болғанда **on** суыту бөлімшесінің көрсеткісінде жыпылықтайды.

Суытқыш құрылғыны бағдарламамен байланыстырыңыз.

- Егер көрсеткіде **oF** көрсетілсе, байланысты жасап болмайды.

Кілтсөзді қайта теріп дұрыс жазуға назар аударыңыз.

Суытқыш құрылғы үй желісінің аумағында болын тексеріңіз (WLAN).

Әдісті қайталаңыз.

Суытқыш құрылғыны бағдарламамен байланыстыру

Егер суытқыш құрылғы мен үй желісі арасында байланыс жасалған болса, суытқыш құрылғыны бағдарламамен байланыстыру мүмкін болады.

1. **super** пернесі мен **lock** пернесін бірдей басып **Home Connect** мәзірін ашыңыз.

Көрсеткіш **Sn** көрсетеді.

Ескерту:

Екі пернені дәл бірдей басыңыз. Пернелермен басқару ұзақ уақыт тек **lock** пернесі басылғанда ғана жұмыс істеуді қояды. **lock** пернесін бұғаттау жойылғанша, қайта басыңыз.

2. °C пернесін көрсеткілер **PA** (жұптастыру = бағдарламамен байланыстыру) мен **oF** көрсетеді.

3. + пернесін құрылғыны бағдарламамен байланыстыру үшін басыңыз.

Көрсеткі анимацияны көрсетеді.

Суытқыш құрылғы бағдарламамен байланысқанда, көрсеткі **on** көрсетеді.

4. Мобильді құрылғыда **Home Connect** бағдарламасында суытқыш құрылғысы көрсетіледі. Қосу үшін суытқыш құрылғыны таңдап пернемен + қосыңыз.

Егер суытқыш құрылғы автоматты көрсетілмесе, **Home Connect** бағдарламасында алдымен **Үй құрылғысын іздеу**, сосын **Үй құрылғысын байланыстыру** таңдаңыз.

5. Бағдарлама нұсқауларын әдіс аяқталғанша орындаңыз.

- Көрсеткілер **PA** мен **on** көрсетеді. Суытқыш құрылғы бағдарламамен сәтті қосылды.
- Егер байланыс сәтсіз болса, мобильді құрылғы үй желісімен (WLAN) байланысқанын тексеріңіз. Сосын суытқыш құрылғыны бағдарламамен қайта байланыстырыңыз.
- Егер көрсеткі **Er** көрсетсе, **Home Connect** параметрлерді қалпына келтіріп реттеуді басынан қайта орындаңыз.

Сигнал қаттылығын тексеру

Сигнал қаттылығын байланысты жасау ісетмесе тексеріп алыңыз.

1. **super** пернесі мен **lock** пернесін бірдей басып **Home Connect** мәзірін ашыңыз.

Көрсеткіш **Cn** көрсетеді.

Ескерту:

Екі пернені дәл бірдей басыңыз.Пернелермен басқару ұзақ уақыт тек **lock** пернесі басылғанда ғана жұмыс істеуді қояды. **lock** пернесін бұғаттау жойылғанша, қайта басыңыз.

2. °C пернесін көрсеткіде **SI** көрсетілгенше баса беріңіз. Екінші көрсеткісінде 0 (қабылдау жоқ) мен 3 (толық қабылдау) аралығындағы мән көрсетіледі.

Ескерту:

Сигнал қаттылығы кемінде 2 болуы керек. Егер сигнал қаттылығы тым төмен болса, байланысты тоқтату мүмкін. Роутер мен суытқыш құрылғыны бір біріне жақынрақ орналастырыңыз, байланысқа алқандық қабырғалар арқылы кедергі жасалмауына көз жеткізіңіз, немесе сигналды күшейту үшін репитерді орнатыңыз.

Home Connect Параметрлер қалпына келтіріледі

Егер байланысты жасап болмаса немесе суытқыш құрылғы басқа үй желісінде (WLAN) тіркемекші болсаңыз, **Home Connect** параметрлерін қалпына келтіру мүмкін:

1. **super** пернесі мен **lock** пернесін бірдей басып **Home Connect** мәзірін ашыңыз.

Көрсеткіш **Cn** көрсетеді.

Ескерту:

Екі пернені дәл бірдей басыңыз.Пернелермен басқару ұзақ уақыт тек **lock** пернесі басылғанда ғана жұмыс істеуді қояды. **lock** пернесін бұғаттау жойылғанша, қайта басыңыз.

2. °C пернесін көрсеткілер **rE** мен **oF** көрсеткенше баса беріңіз.

3. + пернесін басыңыз.

- Көрсеткіш қысқа анимацияны сосын **oF** қайта көрсетеді.

Home Connect параметрлері қалпына келтірілді.

- Егер көрсеткі **Er** көрсетсе, қалпына келтіруді іске қосыңыз немесе клиенттерге қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

Деректеді қорғау туралы нұсқау

Home Connect суытқыш құрылғыңыз интернетте негізделген **WLAN** желісіне алғашқы рет қосылғанда, суытқыш құрылғыңыз деректердің төмендегі санаттарын **Home Connect** серверіне өткізеді (алғашқы тіркелу):

- Бір мәнді құрылғыны тану (құрылғы кілттері мен құрылған **Wi-Fi** коммуникациялық модульдің **MAC** мекенжайын қамтитын).
- **Wi-Fi** комуникациялық модульдің қауіпсіздік сертификаты (байланысты ақпараттармен қолдау үшін).

- Суытқыш құрылғының ағымдық бағдарламалық жасақтама мен аппараттық жабдықтау нұсқасы.
- Орындалған болуы мүмкін зауыттық параметрлерге оралудың күйі.

Осы алғашқы тіркелу Home Connect функцияларының пайдалануын дайындап Home Connect функцияларын алғашқы рет пайдалануды қалағаныңызда керек болады.

Ескерту:

Home Connect функциялары тек Home Connect бағдарламасымен байланыста пайдал болуын ескеріңіз. Деректерді қорғау туралы ақпаратты Home Connect бағдарламасында шақыру мүмкін.

Сәйкестік мағлұмдамасы

Осымен BSH Hausgeräte GmbH осы құрылғы, Home Connect функцияларымен 1999/5/EG директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті қағидаларына сай болуын білдіреді.

Толық R&TTE сәйкестік мағлұмдамасын интернетте www.siemens-home.bsh-group.com мекенжайында құрылғыңыздың өнім жағында қосымша құжаттарда табасыз.



Қолдану үшін сыйымдылық көлемі

Қолдану үшін сыйымдылық көлемі бойынша мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. **10** суреті

Мұздату көлемін толығымен пайдалану

Мұздатылатын өнімдерінің мүмкіндігінше жоғары көлемін салу үшін сауытты шығарып қоюыңызға болады. Мұздатылған өнімдерді тікелей сөре үстінен немесе мұздату бөлімшесінің еденінің үстінен бір бірінің үстінен қоюға болады.

Ескерту:

Азық-түліктер мен тағамдардың артқы қабырғаға тиіп кетуін болдыртпауыңыз керек, себебі ол ауа алмасуына бөгет бола алады,

азық-түліктер мен қорапшалардың артқы қабырғаға жабысып мұздап кетуіне апара алады.

Бұйымның жабдықтарын шығарып алыңыз

Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңыз, алды жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз. **8** суреті

Суыту бөлімі

Суыту бөлімшесі ет, шұжық, балық, сүт бұйымдары, жұмыртқалар, даяр тағамдар мен нан-бөлке өнімдерін сақтау үшін мінсіз жер.

Өнімдерді салғанда төмендегілерге назар аударыңыз

- Тоңазытқышқа тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана салыңыз. Бұл жағдайда өнімдердің сапасы мен балғындығы ұзағырақ уақыт бойынша сақталады.
- Даяр бұйымдар мен орама салыңған өнімдерде шығарушы тарапын қорап не орамаларда көрсетілген сақтау және тұтыну мерзімдеріне назар аударыңыз.
- Өнімдердің жұпарын, түсі мен балғындығын сақтай алу үшін азық-түліктерді жақсылап орамалап немесе жауып қойып салу арқылы суыту бөлімшесіндегі дәмдердің басқа өнімдерге өтуіне, пластик бұйымдарының түс өзгеруіне жол бермейді.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.

Ескерту:

Желдеткіш саңылауларды еш бөгетсіз ашық ұстаңыз. Тағамдар ауаға бөгет болып қалмасын. Саңылаулардың тұра алдында тұрған өнімдерінің ағып тұратын суық ауа әсерінен қатып қалуы мүмкін.

Суыту бөлімшесінде суықтық аумақтарына назар аудару

Суыту бөлімшесіндегі ауа айыналымы арқылы түрлі суықтық деңгейлі аумақтар пайда болады:

- Ең суық жерлер ауа шығаратын саңылаулар алдында және салғын сақтау сауытында орналасқан, **1**/28 суреті.

Ескерту:

Ең суық аумағында тез бұзылатын азық-түліктерді сақтаңыз (мысалы балық, шұжық, ет).

- Ең жылы аумағы - есіктегі ең жоғары аумағы.

Ескерту:

Ең жылы аумағында мысалы ірімшік пен майды сақтаңыз. Осы жерде сақтау арқылы қатты ірімшік түрлері өз дәмі мен жұпарын сақтап, ал май нанға жағу үшін қатпай, жұмсақ қалыпта сақталады.

Super-тоңазыту

Super-тоңазытуда тоңазытылатын бөлім шамасы 6 сағат бойынша мүмкін болғанша суық деңгейде тоңазытылып тұрады. Осыдан кейін ол автоматты түрде Super-тоңазытуға дейін орнатылған температураға ауысады.

Super-тоңазыту қосу, мысалы

- өнімдерді көп көлемде салу алдынды қосыңыз.
- сусындарды тез түрде суыту үшін.

Қосу және өшіру

Сурет **4**

1. Суыту бөлімшесін °C түймешігімен таңдап алыңыз.
2. Super пернесін super cooling көрсеткіші жанғаныша баса беріңіз.

Супер суытуды өшірмеңіз. 6 сағаттан соң алдын реттелген температураға автоматты өтіледі.

Ескерту:

Super-суыту жүйесі қосылып тұрғанда бұйымның жұмыс істуіне байланысты шуыл пайда болуы мүмкін.

hyperFresh бөлмесі

Салқындатып суыту бөлімшесіндегі температура 0 °C жақын сақталады. Төмен деңгейдегі температура мен лайықты ауа ылғалдылығы арқылы жаңа салынған азық-түліктер өнімдерін сақтау үшін мінсіз жағдай қамтамасыз етіліп тұрады.

Салқындатып суыту бөлімшесінде азық-түлік өнімдерінің бұзылмай сақталу уақыты қалыпты суыту бөлімшелерге қарағанда үш есе ұзағырақ болады - одан да ұзағырақ балғындық, нәрлі заттарының және дәмінің сақталуы үшін.

Көкөніс сақтау үшін сауыт

6 суреті

Көкөніс сауыты жаңа жеміс пен көкөністерді сақтау үшін мінсіз жер. Бөлу тақтасының ылғалдық реттегіші арқылы және арнайы тығыздағыш арқасында көкөніс сауытындағы ауа ылғалдығын лайықтап тұруға болады.

Көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын сақталатын өнімдердің түрі мен көлеміне қарай реттеп орнатуыңызға болады:

- көбінесе жеміс салынғанда және көп көлемде толтыруда – ауа ылғалдығының төмен деңгейі
- көбінесі көкөністер, аралас өнімдер салынғанда немес салынған бұйымдардың көлемі төмен болғанда – ауа ылғалдығының жоғары деңгейі

Нұсқаулар

- Суыққа сезімтал жеміс (мысалы ананас, банан, папайя және цитрус тұқымды жеміс) пен көкөністерді (мысалы баялды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өздерінің сапасы мен жұпарларын сақтау үшін тоңазытқышқа салмай, температурасы +8 °C тен +12 °C дейін ортада сақтау лазым.
- Көкөніс контейнерінде - сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты - конденсациялық ылғал суының пайда болуы мүмкін. Конденсациялық суды құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын ылғалдық реттегіш арқылы лайықтаңыз.

Салқындатып суыту бөлімшесі

1/29 суреті

Салқындатып суыту сауытындағы сақтау температурасы балық, ет, шұжық, ірімшік пен сүтті сақтау үшін мінсіз жағдайларын ұсынып отырады.

Сақтау уақыты (температура 0 °C болғанда)

бастапқы сапасына қарай отырып

Жаңа аулаңған балық, теңіз өнімдері	3 күнге дейін
Құс еті, ет (пісірілген/қуырылған)	5 күнге дейін
Сиыр еті, доңыз еті, қой еті, шұжық бұйымдар (кесіліп қойылған шұжық бұйымдары)	7 күнге дейін
Ысталған балық, брокколи	14 күнге дейін
Салат, фенхель, өрік, алқоры	21 күнге дейін
Жұмсақ ірімшік, йогурт, сүзбе, іркіт, гүл орамжапырақ	30 күнге дейін

Мұздату бөлімшесі

Мұздатқыш бөлімін қолдану

- Жылдам мұздатылған өнімдерді сақтау үшін.
- Мұз текшелерін жасау үшін.
- Өнімдерді мұздату үшін.

Ескерту:

Мұздатқыш камера есігінің әрдайым жабулы болуына назар аударыңыз! Есігі ашық кезде өнімдер ери бастайды, ал мұздатқыш бөлімінің мұз басады. Оған қоса: тоқтың асқын мөлшерде тұтынылуына байланысты электр қуаты ысырап болады!

Ең жоғары мұздату қабілеті

24 сағаттың ішінде ең жоғары мұздату қабілеті туралы мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. **10** суреті

Ең жоғары мұздату көлемі үшін талаптар

- Жаңа өнімдерді салу алдынан Super-мұздату функциясын қосыңыз ("Super-мұздату" тарауын оқыңыз).
- Сауытты шығарып алыңыз; Азық-түлік өнімдерін тікелей сөрелер мен мұздатқыш бөлімшесінің түбіне бірінің үстінен біріп қойып салыңыз.
- Көп мөлшерлі өнімдерді жоғарғы бөлікте мұздату жөн. Олар онда тезірек мұздайды, соның арқасында пайдалы қасиеттері көбірек сақталады.

Мұздату және сақтау

Жылдам тоңазытылған өнімдерді сатып алу

- Өнімдер орамасы зақымдалмаған болуы керек.
- Өнімнің жарамдылық мерзіміне көңіл аударыңыз.
- Сату сәтіне дейін өнімнің сақталу температурасы - 18 °C жоғары болмауы керек.
- Жылдам тоңазытылған өнімдерді жеке арнайы мұздату пакетте тасыған және тезірек мұздатқышқа қойған лазым.

Өнімдерді орналастыру кезінде төмендегілерге назар аударыңыз:

- Көп мөлшерлі өнімдерді жоғарғы бөлікте мұздату жөн. Олар онда тезірек мұздайды, соның арқасында пайдалы қасиеттері көбірек сақталады.
- Көп көлемді өнімдерді сөрелерде, сондай-ақ мұздатылған өнімдерге арналған сауыттарда бөліп салуға болады.

Ескерту:

Мұздатылып қойылған өнімдерді енді ғана мұздатылатын жаңа өнімдермен жанаспауы лазым. Керек болса, мұздатылған өнімдерді басқа сауытқа ауыстырып салуға болады.

Мұздатылған өнімдерді сақтау

Ауаның мінсіз айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатылған өнімдерге арналған ыдысты тірелгенше дейін алаға қарай итеріп отырып орнатыңыз.

Жаңа әкелінген өнімдерді мұздату

Мұздату үшін тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана пайдаланыңыз.

Көкөністердің қоректік заттары, хош иісі мен түсі мүмкіндігінше жақсы сақталу үшін оларды мұздатудың алдында булап алу қажет. Баклажан, бұрыш, кәдіш пен спаржаны булау қажет емес.

Сатылымда өнімдерді мұздату мен булау жөніндегі кітаптарды таба аласыз.

Ескерту:

Мұздатылатын өнімдерді мұздатылып қойған өнімдерге жанастырмаған жөн.

- Төмендегі өнімдерді мұздатуға болады:
Нан-тоқаш бұйымдары, балық және теңіз өнімдері, ет, аңдар еті, үй құс еті, көкөністер, жемістер, шөптер, қабығы алынған жұмыртқа, ірімшік, май және сүзбе сияқты сүт өнімдері, дайын тағамдар және келесі тағамдардың қалғандарын: көже, қою көже, дайын ет және балық, картоптағамдары, бәліштер мен тәтті тоқбасарлар.
- Мұздатылмайтын тағамдар:
Әдетте шикі түрінде желінетін көкөністердің сұрыптары, атап айтқанда жапырақты салаттар, шалғам, қабығы алынбаған жұмыртқа, жүзім, бүтіндей күйінде алма, алмұрт және шабдалы, бітеудей пісірілген жұмыртқа, йогурт, қатық, кілегей, қаймақ және майонез.

Мұздат үшін өнімдерді жақсылап буып-түю

Өнімдердің дөмі кетпеу үшін не кеуіп қалмау үшін оларды жақсылап қымтап жабыңыз.

1. Өнімдерді орамағасалыңыз.
2. Ішіндегі ауасын түгелдей шығарып алыңыз.
3. Ораманы қымталап жабыңыз.
4. Орама үстінен ішіндегі заттың атауын және мұздатылған күнін жазыңыз.

Орауыш қатары пайдалынады:

Пластикалық орауыштар, полиэтилен, алюминий пленкалар, қанылтыр бетелкелер.

Бұл заттар арнаулы дүкендерде сатылады.

Орауыш қатары пайдаланбайды:

орауыш қағаз, пергамент, целлофан, қоқыс қапқалар және пайдаланған сөмкелер.

Жабу үшін пайдаланады:

Резеңке сақиналар, пластикалық ілгешектер, суыққа шыдамды жабысқақ баулар т.б.

Полиэтилен қап пен шланг пленкаларды пленкаларды дәнекерлеу құрылғысымен жабыстыру мүмкін.

Мұздатылған өнімдердің жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі өнімнің түріне байланысты.

-18 °C дейінгі температурада:

- Балық, шұжық, даяр тағамдар, нан-бөлке бұйымдары:
6 айға дейін
- Ірімшік, құс еті, ет:
8 айға дейін
- Көкөніс, жеміс:
12 айға дейін

Супер мұздату

Тамақ өнімдерінің, олардың құрамындағы дәрумендер, қоректік заттар, сыртқы түрі мен дәмдік қасиеттері сақтай алу үшін, мүмкіндігінше жылдам мұздатылып қойылуы лазым.

Температураның көтерілуіне жол бермеу үшін жаңа өнімдерді салудан бірнеше сағат бұрын Супер мұздату режимін қосыңыз.

Әдетте 4–6 сағат жеткілікті болады.

Құрылғы қосылғаннан кейін ол тұрақты түрде жұмыс істейді, мұздатқыш бөлмесінде өте төмен температураға қол жеткізіледі.

Ең жоғары мұздату қабілетін пайдалану үшін терең Super-мұздату функциясын бұйымға жаңа өнімдерді салу алдынан 24 сағат бұрын қосу керек.

Аздаған мөлшердегі өнімдерді (2 кг дейін) терең мұздату функциясын қолданусыз мұздатуға болады.

Ескерту:

Super-мұздату жүйесі қосылып тұрғанда істе болып тұрғанын білдіретін бірқатар дыбыстардың пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру

Сурет **4**

1. Мұздату бөлімшесін °C түймешігімен таңдап алыңыз.
2. Super пернесін super freezing көрсеткіші жанғаныша баса беріңіз.

Супер мұздатуды өшірмеңіз. Шам. 2 ½ күннен соң алдын реттелген температураға автоматты өтіледі.

Мұздатылған өнімдерді еріту

Өнімдердің түрлері мен оларды одан әрі қалай пайдалануыңызға байланысты Сіздің келесі мүмкіндіктерді арасында таңдай алуыңызға болады:

- бөлме температурада
- тоңазытқыштың ішінде
- желдеткіш бар/жоқ электр пеште
- шағын толқынды пеште



Сақтандыру және

сақтандырулар

Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) өзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Мұндай өнімдерді ең жоғары сақтау мерзіміне жеткізей тұтыну қажет.

Жабдықталуы

(барлық модельдерде бірдей бар бола бермейді).

Сөрелер мен сауыттар

Электрбұйымның ішкі бөлімшесі мен оның есігінің сөрелер мен сауыттарының орындарын ауыстырып отыруыңызға болады. Сөрені алға қарай тартып, біраз төменге қарай төмендетіп, қайыра отырып шығарыңыз. Сауытты жоғарыға қарай тарта отырып шығарып алыңыз.

Шишалар сөресі

5 суреті

Шишалар сөресінде шишаларды қауіпсіз түрде қоя аласыз.

Мұз ыдысы

9 суреті

1. Мұз ыдысын $\frac{3}{4}$ көлемінде ауыз сумен толтырыңыз және мұздатқыш бөліміне қойыңыз.
2. Ішінде даяр мұзы бар ыдысты дөкір заттармен (мысалы, қасықтың сабымен ғана) ашу керек.
3. Мұз текшелерін шығару үшін ыдысты ағып тұрған судың астына аз уақытқа ұстай тұрып немесе мұз ыдысын сәл бұраңыз.

Мұздату күнтізбесі

Мұздатылған өнімдердің сапасы төмендеп кетпеуі үшін олардың сақтауын сақтау мерзімін асырмаңыз. Сақтау мерзімі тоңазытылатын және мұздатылатын бұйымдардың түріне байланысты. Символдардың жанындағы сандар өнімдердің айлармен көрсетілген жарамды сақтау мерзімін білдіреді. Дүкеннен алынған жылдам мұздатылған өнімдердің жасалу күні мен жарамдылық мерзіміне назар аудырыңыз.

Суықтық аккумуляторы

Электр тоғының берілуі тоқталып қалғанда немесе бір бөгет не қате арқылы суықтық батареясы мұздату бөлімшесіне жүктелген өнімдердің жылып кетуін бәсеңсітеді. Ең ұзақ сақтау мерзіміне жету үшін ең жоғарғы жәшіктегі суықтық аккумуляторын өнімдердің үстіне қоюыңыз лазым.

Суықтық аккумуляторларын өнімдерді қысқа уақыт бойынша суыту үшін (мысалысуыту дорбасында) тоңазытқыштан шығарып алуға болады.

Бөтелке тұтқыш

Бөтелке тұтқыш бөтелкелерді есік ашылып жабылғанда аударылып кеткенден сақтайды.

“OK” жапсырмасы

(барлық модельдерде бар бола бермейді)

“OK” жапсырмасымен суыту бөлімшесінде температура азық-түліктер үшін ұсынылған қауіпті +4 °C немесе одан төмен аймағына жеткенін тексеру мүмкін. Егер жапсырма “OK” көрсетпесе, температураны аз-аздап төмендетіңіз.

Ескерту:

Құрылғыны іске қосудан соң ол реттелген температураға жеткенше 12 сағатқа дейін өтуі мүмкін.



Дұрыс реттеу

Тоңазытқышты өшіру және істен шығару

Электрбұйымды өшіріңіз

“+” Түймешесін 10 секунд басып тұрыңыз.

Тоңазытқыш өшіріліп қалады.

(Барлық үлгілерде бірдей бар бола бермейді).

Электрбұйымды істен шығару

Электрбұйым ұзақ мерзімде пайдаланбаса:

1. Ашаны розеткадан шығарыңыз немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
2. Электрбұйымды тазалаңыз.
3. Электрбұйым есігін ашық қалтырыңыз.

Ескерту:

Құрылғы зияндарының алдын алу үшін құрылғы есіктері өздері ашық тұратын етіп ашық тұруы керек. Есікті ашық ұстау үшін есікке ешқандай заттарды қыспаңыз.

Бұйымды тазалау



Сақтандыру және

сақтандырулар

- Құрамында құм, хлорид не қышқыл бар тазалау не еріткіш заттарын қолданбаңыз.
- Абразивтік жуу заттарын және қырғыш ысқыштарды қолданбаңыз. Темір бөлшектер үстінде коррозия пайда болуы мүмкін.
- Сөрелерді және бөлімдерді ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға болмайды. Бөлшектер өз пішінін жоғалтуы мүмкін!

Тазалау үшін қолданған су келесі жерлерге түспеуі тиіс:

- Басқару элементтеріне
- Жарық
- Желдеткіш саңылауларына
- Аралық тақтадағы тесіктер

Төменде көрсетілгендей әрекеттеніңіз:

1. Айырын розеткадан шығарыңыз немесе тежегішті өшіріңіз.
2. Мұздатылған тағамдарды шығарып салқын жерге қойыңыз. Суыту аккумуляторын (егер бар болса) ө шығарылып қойылған өнімдерінің үстіне жатқызып салыңыз.
3. Су басқару элементтеріне, жарыққа, желдету тесіктеріне немесе аралық тесіктеріне тиіп кетпесін!
Тоңазытқышты жұмсақ шүберекпен, жылы сумен және PH бейтарап жуғыш затпен тазалаңыз.
4. Есіктің тығыздауыштарын таза сумен ғана сүртіп жақсылап кептіріңіз.
5. Тазалағаннан кейін электрбұйымды қайта жабыңыз.
6. Мұздатылатын тағамдарды қайта салыңыз.

Жабдықтар

Тазалау үшін электрбұйымның бірнеше бөлшектері шығарылып алынады.

Ескерту:

Суытқыш камера мен hyperFresh камерасының аралығы қатты бекітілген. Құрылғы зияндарын болдырмау үшін оны тек клиенттік қызмет немесе өкілетті мамандар ғана алуы мүмкін.

Есіктегі сақтау өрешелерін шығарып алыңыз

3 суреті

Өрешелерді жоғарыға қарай біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Әйнек сауытын шығарып алу

Әйнек сауыттарын алға қарай тарта отырып, шығарып алыңыз.

Сауыты шығару

7 суреті

Сауытты толығымен тартып отырып шығарып, бекітуінен көтере отырып босатыңыз.

Сауытты шығару таңғыштар үстінен қондырып, электрбұйым ішіне еңгізіңіз. Сауыт тырс етіп орнына тұрады.

Мұздату үшін сауыттарды шығару

8 суреті

Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңыз, алдыңғы жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз.

Жарық (СИД)

Тоңазытқыш күтілмейтін светодиод жарығымен жабдықталынған.

Тек сервистік қызмет көрсету орталығында немесе уәкіл етілген мамандарда бұл жарықты жөндеуге құқығы бар.

Энергияны үнемдеу

- Бұйымды құрғақ, желдетілетін орнатыңыз. Бұйым тікелей күн сәулесі түсетін жерде не жылу көздерінің жанында (мысалы, ас үй пеші, жылыту аспаптарының жанында) қойылмауы тиіс. Қажет болған жағдайда жылу сақтағышпешін қолданыңыз.
- Жылы тағамдарды және сусындқтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.
- Мұзын еріту үшін мұздатылған өнімдерді суытқыш бөліміне салып, олардың суығын өнімдерді суыту үшін пайдаланыңыз.
- Тоңазытқышты қысқа уақытқа ғана ашыңыз.
- Ең кем энергия тұтынуға жету үшін: жан қабырғадан аз аралықты сақтаңыз.
- Жәшіктердің орнатылған тәртібі бұйымның электр қуатын тұтынуына әсер етпейді.

Жұмыс шуылы

Мүлде кәдімгі шуылдар

Ескерту:

Егер супер мұздату функциясы қосылып тұрса, көп жұмыс шуылдары пайда болуы мүмкін.

Дүріл

Моторлардың жұмысы (мысалы, тоңазыту агрегаты, желдеткіш).

Бүлкілдейтін, ызылдайтын немесе арқырауық дыбыстар

Суытқыш заты түтіктер арқылы ағып жатыр.

Шерту

Моторды, қосқышты немесе магнит қақпағын іске қосқан / өшіргенде естіледі.

"Шерт" етіп

Автоматикалық еріту барысы басталады.

Шуыл деңгейінің жоғарылауын болдырмау

Құрылғының тегіс бетте тұрмауы

Құрылғыны ватерпастың көмегімен тегістенізі. Бұл үшін бұрылатын аяқтарын пайдаланыңыз немесе құрылғының астына бірдеңе салыңыз.

Құрылғы "жаңасып тіреліп тұр"

Құрылғыны жанындағы жиһаздан не аспаптардан біраз алыстырақ жылжытып қойыңыз.

Ысырмалы жәшіктер не сөрелер тербеліп тұр не қарысып қалған

Алынбалы бөліктерінің қалай орнатылғанын тексеріңіз және қажетіне қарай оларды дұрыс орнатыңыз.

Бөтелкелер бір біріне тиіп тұр

Бөтелкелерді бір бірінен азғантай ары жылжытыңыз.

Шағы ақаулылықтарды өз бетінше жою

Сервистік қызметіне телефон арқылы хабарламас бұрын:

Ақаулылықты келесі ұсыныстардың көмегімен өз бетіңізше жоя алу мүмкіншілікті тексеріп алыңыз.

Сіз кеңес беру үшін сервистік қызметті шақыртудың ақысын тіпті кепілдік мерзімінің ішінде төлеуге тиіссіз! –

Бөгеттер	Ықтимал болған себебі	Ақаулылықтарды жою
Температура таңдалған температурадан ерекшеленеді.		Тоңазытқышты бірнеше минутке өшіріңіз. Температура жоғары болса бірнеше сағат өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз. Температура төмен болса бір күн өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз.
Жарық істемей тұр.	LED шам жүйесі бұзылған қалыпта. Электрбұйым тым ұзақ уақыт бойы ашылып тұрды. Шам жүйесі шамасы 10 минуттан кейін өшіріледі.	"Шам беру жүйесі (LED)" тарауын оқыңыз. Электрбұйымды ашу және жабудан кейін шам жүйесі қайта қосылады.
Көрсеткіштердің бірде бірі жанбайды.	Электр қуаты жоқ; сақтандырғыштар іске қосылды; Аша дұрыс істемей тұр.	Штекерді жалғаңыз. Электр тоғының беріліп не берілмей тұрғанын – және сақтандыру құрылғысын тексеріңіз.
Суыту бөлімшесінде немесе hyperFresh бөлімшесінде тым суық.		Суыту бөлімшесіндегі температураны жылығырақ қылып қойыңыз. hyperFresh бөлімшесіндегі температураны жылығырақ қылып қойыңыз.

Бөгеттер	Ықтимал болған себебі	Ақаулылықтарды жою
Мұздатқыш бөліміндегі температура тым жоғары	Бұйымның есігін жиі аша беру. Желдету және ауаны тартып шығару саңылаулары жабылып қалған. Көп мөлшердегі жаңа өнімдерді мұздату.	Бұйымның есігін қажетінсіз ашпаңыз. Кедергілерді жойыңыз. Бұйымның ең жоғары мұздату қабілетінен асып кетпеу лазым.
Электрбұйым суытпай тұр, температура көрсеткіші мен шам беру жүйесі жанып тұр.	Презентация режимі қосылды.	°C пернесі мен + пернесін 5 секунд басып растау дабылы шалғанша ұстаңыз. Біраз уақыттан кейін электрбұйымның суытып тұрғанын тексеріңіз.
Құрылғының жан қабырғалары жылы.	Жан қабырғаларда суыту кезінде қызатын құбырлар тұр.	Бұл қалыпты құрылғы жұмысы ақаулық емес. Құрылғыға тиіп тұрған жиһаздар жылу арқылы зақымдалмайды.
Мұздатқыш бөлімінің есігі ұзақ уақыт бойынша ашық болып тұрды; температура бұдан әрі керекті деңгейге жетпей тұр.	NoFrost-жүйесіндіге булағыш (суық шығару генераторы) аса мұздап кетіп, осы себептен өзі-өзімен автоматты түрде еріп кете алмайды.	Буландырғышты ерітіп алу үшін мұздатылған өнімдерді серелерден шығарып алып, қаптап суық бір орында сақтаңыз. Электрбұйымды өшіріп, қабырғадан ығыстырыңыз. Электрбұйым есігін ашып қойыңыз. Шамамен 20 минуттан кейін еріген су электрбұйымның артқы жағындағы булау сауытына аға бастайды. Бұл жағдайда, булау сауытынан еріген судың тасып кетуін болдырмау үшін, еріген суды сорғыш ысқышымен сіңдіріп алыңыз. Еріген судың булау сауытына ағылуы аяқталғанында буландырғыш толығымен ерітілді. Ішкі бөлімшесін тазалаңыз. Электрбұйымды қайта іске қосыңыз.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру автоматты түрде атқарылатын бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама сервистік қызмет көрсету орталығы жөндейтін ақауларды анықтайды.

Электрбұйымның өз-өзін тексеру тестін бастау

1. Электрбұйымды өшіріп, 5 минут күтіңіз.
2. Электрбұйымды қосып, алғашқы 10 секунд бойынша °C түймешігін, "—" реттеу түймешігін, акустикалық дыбысты белгісі естілгенше дейін 3-5 секунд бойы баса беріңіз.

Өзін-өзі тексеру бағдарламасы басталады.

Өзін-өзі тексеру тест аяқталып, акустикалық белгі екі рет естілгені бұйымыздың қалыптағыдай жағдайда болғанын көрсетеді.

5 акустикалық сигналдар естілгені қателердің бар болуын білдіреді. Қызмет көрсету сервис орнына қате туралы хабарлаңыз.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеруін аяқтау

Осы бағдарлама аяқталғаннан кейін электрбұйым қалыпты жұмыс тәсіліне көшеді.

Сервистік қызмет көрсету

Сервис қызмет көрсету орталығының телефон нөмірін телефон анықтамалығында немесе сервис көрсету тізімінде таба аласыз. Сервис қызмет көрсету орталығымен хабарласқанда электрбұйымның өнім нөмірін (E-Nr.) және бұйымның өндіру нөмірін (FD-Nr.) хабарлаңыз.


Бұл мәліметтер техникалық ақпарат тақташасында көрсетілген. **10** суреті

Үстеме жолға шығуын болдырмау үшін сервис қызмет көрсету орталығына телефон соққанда электрбұйымның өнім нөмірін және бұйымның өндіру нөмірін дайындап отырыңыз. Осы әрекет арқылы осыларға байланысты үстеме шығындарына да жол бермеуіңізге болады.


Жөндеу тапсырмалары мен бөгет кезіндегі кеңестер

Сервис қызметтерінің қоса ұсынылған тізімінде олардың барлық елдердегі байланысу мәліметтері көрсетілген.


KZ 8 800 800 801




1




2




3




4




5




6



7



8



9



10

BSH Hausgeräte GmbH
Carl-Wery-Straße 34
81739 München, GERMANY

siemens-home.bsh-group.com

Шығарушы: ЖШҚ "БСХ Бытовые Приборы" Сименс АГ тауар белгісімен
Изготовлено ООО «БСХ Бытовые Приборы» под товарным знаком компании Сименс АГ



8001034475 (9710)
ru, kk